

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Тәрбие тал бесіктен басталады

ЖАРИЯЛАНДЫ  
13.03.2025СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/176763/**Отегенова Айгуль Зайткереевна****Лауазымы: тәрбиеші****Ақтөбе облысы****Хромтау ауданы****«Шаңырақ» бөбекжай-балабақшасы.**

**Кіріспе:** Қазақ халқында «Тәрбие тал бесіктен» деген сөз бар. Бұл нақыл бала тәрбиесінің ең маңызды кезеңі дүниеге келген сәттен басталатынын көрсетеді. Бала тәрбиесі – қоғамның болашағы. Өйткені әр бала – ертеңгі күннің тұлғасы, ұлттың, мемлекеттің болашағы. Сол себепті, ата-ана, ұстаздар, қоршаған орта баланың жан-жақты тәрбиесіне үлес қосуы керек. Тәрбие тек мектеп пен отбасының міндеті емес, бұл – қоғамның ортақ ісі. Дегенмен, баланың ең алғашқы тәрбиесі оның отбасынан басталады.

**Негізгі бөлім:****Отбасындағы тәрбиенің маңызы.**

Отбасы – бала үшін алғашқы әлеуметтік орта. Бала дүниеге келгеннен бастап ата-анасының, отбасының тәрбиесін алады. Баланың алғашқы көргені, естігені, сезгені осы ортада қалыптасады. Анасының жылы құшағы, әкесінің мейірімді сөздері, отбасы мүшелерінің қарым-қатынасы – барлығы да балаға тікелей әсер етеді. Ата-ананың жүріс-тұрысы, мінез-құлқы, сөйлеген сөзі балаға үлгі. Баланың бойында әдептілік, қайырымдылық, кішіпейілділік сияқты қасиеттердің қалыптасуы отбасындағы тәрбиеге байланысты.

Қазақ халқы «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деп бекер айтпаған. Әкесі мен шешесінің қарым-қатынасы, олардың балаға деген махаббаты мен қамқорлығы тәрбие негізін құрайды. Бала ата-анасының жүріс-тұрысына қарап бой түзейді. Отбасындағы татулық, бір-бірін сыйлау, құрметтеу, мейірім мен махаббат бала

бойына сіңіп, оның адамгершілік қасиеттерін қалыптастырады. Бұл тұрғыда отбасындағы тәрбие бүкіл өмірге берілетін сабақ.

Қазақ халқы ежелден балаға ерекше көңіл бөлген. «Бала – өмірдің гүлі», «Бала – бауыр еті» деген сөздер осының айғағы. Дүниеге келген сәбиді әдет-ғұрып бойынша бесікке бөлеп, оған мейірімділікпен қарайтын. Бесік жыры арқылы балаға алғашқы тәрбиені беретін. Бесік жыры баланың жан дүниесін тыныштандырып қана қоймай, оның санасына ізгілік пен мейірімділікті сіңіреді. Бұл жырлар арқылы анасы баланы жақсы көретінін, оның болашағына үміт артатынын, тәрбиелі болуға шақыратынын аңғартады.

Сонымен қатар, бесікке бөлеу баланың денсаулығына, тыныштығына да оң әсер етеді. Анасы сәбиін бесікке бөлеп, оған жыр арнағанда, бала өзін қауіпсіз сезінеді. Бұл физикалық тұрғыдан ғана емес, рухани және психологиялық тәрбие ретінде де үлкен рөл атқарады.

### **Ұлттық құндылықтар мен салт-дәстүрдің тәрбиедегі рөлі.**

Қазақ халқының тәрбиесі ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық құндылықтар мен салт-дәстүрге негізделген. Бала тәрбиелеуде үлкендердің ақылы мен өмір тәжірибесі маңызды болды. Әжелер немерелеріне ертегі айтып, батырлар жырымен сусындатып, батырлыққа, адалдыққа, ерлікке үйреткен. Ал аталар немерелеріне ақыл айтып, өмірдің мәнін түсіндіріп, еңбексүйгіштікке, жігерлілікке баулыған. Мұндай тәрбие баланың рухани байлығын арттырып, өмірлік қағидаларды бойына сіңіруге мүмкіндік береді.

Қыз балаларды инабаттылыққа, ұяттылыққа, кішіпейілдікке тәрбиелесе, ұл балаларды жауапкершілікке, батылдыққа, еңбекқорлыққа үйреткен. Мысалы, «Үлкенге – құрмет, кішіге – ізет» деп, балаға үлкенді сыйлауды, кішіні құрметтеуді үйреткен.

### **Тәрбиенің үздіксіздігі.**

Тәрбие тек бесіктен басталып, отбасында ғана аяқталмайды, ол өмір бойы жалғасады. Баланың мінезі мен әдеттері уақыт өткен сайын дамып, өзгеріп отырады. Ата-ана мен мұғалімдер осы үдерісті бақылап, бағыттап отырулары тиіс. Мектепке дейінгі мекемелерде, мектепте бала тек білім алып қана қоймай, ұжымдық қарым-қатынас, жауапкершілік сияқты маңызды дағдыларды меңгереді. Бұл кезеңде баланың айналасындағы үлкендердің өнегесі маңызды рөл атқарады. Ата-аналарға баланың өмір бойы дамып, қалыптасып жатқанын ұмытпау қажет. Тәрбие бір сәттік іс емес, ол үздіксіз процесс. Сондықтан әр кезеңде баланың қажеттіліктерін ескере отырып, оның дамуына көңіл бөлу маңызды. Әрбір ата-ана баласының болашақта жақсы азамат болып қалыптасуын қалайды. Ол үшін ата-аналар балаларына қолдау көрсетіп, олардың қателіктерін түзетуге көмектесуі керек.

### **Қорытынды**

«Тәрбие тал бесіктен» деген мақалдың астарында терең мән жатыр. Бала дүниеге келген сәттен бастап оған берілетін тәрбие – оның болашақ өміріне әсер ететін маңызды фактор. Ұрпақ тәрбиесі – ұлттың болашағы, елдің дамуының негізі. Сондықтан әр ата-ана, ұстаз, қоғам мүшесі бала тәрбиесіне зор мән беруі керек. Тек осы жолда біз саналы, тәрбиелі, білімді ұрпақ өсіре аламыз. Тәрбиенің ең басты құндылығы – адамгершілік, мейірімділік, құрмет, отансүйгіштік қасиеттерді бала бойына сіңіру. Осы құндылықтарға негізделген тәрбие арқылы ғана біз болашақта мықты, саналы, рухани бай ұрпақ тәрбиелей аламыз.

### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі***

1. *Жармухамбетова А. А., Сейлова Л. А. Бала тәрбиесі-бесіктен. – 2023.*
2. *Оңайғалиева А. Р. Бала тәрбиесі-бастымәселе. – 2015.*
3. *Болатбекова Н. Ж., Ахмедина А. Ғ. Отбасындағы ата-ана қатынасы мен бала тәрбиесі мәселесіндегі зерттеулер //ББК 72 Г94. – 2020. – С. 48.*
4. *Бигимбетова Ж. Д., Исина Ш. А. Бала тәрбиесіндегі өзекті мәселелер //вестник казахско-русского международного университета. – 2019. – С. 11.*

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.